



## Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл толуына арналған «Ғасыр данасы – Қожа Ахмет Ясауи» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясының республикалық кезеңінің

### **БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ**

Халық арасында Әзірет Сұлтан атымен танымал болған тарихи ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл толып отыр. Ясауи – сол заманның жарық жұлдызы, жарқын бейнесі. Қожа Ахмет Ясауи – суффизм поэзиясының негізін қалаушы, барлық шығыс мұсылмандарының тәлімгері және діни жетекшісі. Ақын, ойшыл, ғұлама 1093 жылы Ясы қаласында дүниеге келген. Ұстазы – Арыстан баб. Оның бүгінгі күнге жеткен көлемді шығармасы – «Диуани Хикмет». Өз аты-Ахмет, есімінің алдындағы «қожа» мұсылман дінін таратып, уағыздаушылық қызметіне қарай берілген атау. Еліміз Егемендігін алғаннан кейін әдеби-мәдени мұраларымыздың, асыл рухани қазыналарымыздың көзі ашылды. Халқымыз тарихына көз жүгіртіп, қасиетті мұраларымызды қастерлеуге ұмтылды. Қожа Ахмет Ясауидің қалдырып кеткен хикметтеріндегі даналық ойлардың тәрбиелік мәнін түсіндіру, оның еңбектерін өскелең ұрпаққа жеткізу мақсатымен өткелі отырған Қожа Ахмет Ясауидің 930 жылдығына орай «Ғасыр данасы – Қожа Ахмет Ясауи» Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясының республикалық кезеңіне қатысуға шақырамыз.

#### **Конференцияның мақсаты:**

Қожа Ахмет Ясауи салған сара жолды өскелең ұрпаққа жеткізу, хикметтеріндегі даналық ойлардың тәрбиелік мәнін түсіндіру, ұлттық құндылықтарды бала бойына дарытудағы педагогтердің тәжірибесін тарату, Өзбекәлі Жәнібековтің Ясауи мұрасын жандандырудағы еңбегін таныстыру, педагогтердің шығармашылық әлеуетін көтеру.

**Өтетін күні, уақыты:** 16 ақпан 2024 ж. сағ. 09.00.

**Өтетін орны:** Астана қаласы, Абай даңғылы 6, Астана қаласы әкімдігінің «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы №11 мектеп-лицей» КММ.

**Ұйымдастырушылар:** Астана қаласы Білім басқармасы, «Әдістемелік орталығы» МКҚК, «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы №11 мектеп-лицей» КММ, Түркістан қаласы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ясауитану ғылыми-зерттеу институты, Түркістан облысы Білім басқармасының «Білім беруді дамыту орталығы» КММ.

**Қатысушылар:** орта білім беру ұйымдарының мұғалімдері, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, әлеуметтік педагог, педагог-психологтар, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері, ЖОО оқытушы-профессорлары, докторанттар, магистрлер, ғалымдар.

**Қатысу тілі:** қазақ, орыс, ағылшын, ұйғыр, өзбек тілдері.

**Өткізу форматы:** офлайн, **Facebook** әлеуметтік желісі арқылы тікелей көрсетілім), онлайн (**Google Meet**).

#### **Қатысушылар:**

Орта білім беру ұйымдарының мұғалімдері, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, әлеуметтік педагог, педагог-психологтар, техникалық және кәсіптік

білім беру ұйымдары педагогтері, ЖОО оқытушы-профессорлары, докторанттар, магистрлер, ғалымдар.

**Конференция бағыттары (секциялар):**

- Оқыту әдістемесі;
- Оқытудағы инновациясы;
- Педагогика және психология;
- Оқу және тәрбие, отбасылық құндылық;
- Зерттеулер .

**Өткізу форматы:** офлайн, онлайн.

**Жалпы қатысушылар саны:** 450; спикер саны: 324.

ҚР өңірлерінен – 230; Астана қаласынан – 220.

Офлайн – 8 секция; спикер саны – 128.

Онлайн – 10 секция; спикер саны – 196.

**Шақырылған қонақтар:**

- Ниетжан Өзбекәліұлы – Өзбекәлі Жәнібекұлының баласы
- Иса Казыбек Жарылқасынулы – Қазақстан Жазушылар одағының басқарма мүшесі, Қазақстан журналистер одағының мүшесі және Қазақстан Мәжілісі VII, VIII сайланымдарының депутаты
- Мукаев Даулет Төлеутаевич – экономист, блогер, журналист, Қазақстан Мәжілісі VIII шақырылымының депутаты
- Пұсырманов Нұрбек Серікұлы – ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі «Мемлекет тарихы институты» мемлекеттік мекемесі директоры
- Дүйсенбек Әділхан Төлегенұлы – ҚР Оқу-ағарту министрлігі «Ұлттық құндылықтар академиясының» төрағасы, «Bilim arnasy.kz» медиаплатформасының бас редакторы
- Бәкір Әбдіжалел Қошқарұлы – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Мемлекеттік Университеті саяси ғылымдарының докторы
- Ғалым Байназарұлы Байназаров – ҚР Ұлттық банкінің Басқарма төрағасы міндетін атқарған, «Парасат» ордені иегері
- Жұмашев Қаныбек Бекболатұлы – ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім беру комитеті Орта білім беру комитетінің төрағасы
- Шайжүнісов Мәркен Жақияұлы – «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерінің иегері, Семей қаласының құрметті азаматы
- Ысқақов Болатбек Жұмабекұлы – «ULY GASYR» жалпыұлттық қоғамдық қорының бас директоры

**Конференция спикерлері:**

- Мансұров Нұрлан Берденұлы – Түркістан қ., Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Ясауитану ғылыми-зерттеу институты директоры, филология ғылымдарының кандидаты
- Қорғанбеков Болат Сағынбекұлы – Астана қ., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты
- Кенжетай Досай Тұрсынбайұлы – Түркістан қ., Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Теология факультеті деканы, философия және теология ғылымдарының докторы, профессор
- Санжар Керімбай – шығыстанушы, «Отбасы хрестоматиясы» жобасының жетекшісі

- Мұхит Төлеген Жылқайдарұлы – Түркістан қ., Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Теология кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторы
- Сулейменова Жазира Азаматовна – Астана қ., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі
- Түсіпбек Қуаныш Есімханұлы – Астана қ., Ө. Жәнібеков атындағы №11 мектеп-лицейінің тарих пәні мұғалімі, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми қызметкері, гуманитарлық ғылымдар магистрі

**Конференцияны ұйымдастырушылар:**

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК; Астана қаласы әкімдігінің «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы №11 мектеп-лицей» КММ; Түркістан қаласы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ясауитану ғылыми-зерттеу институты; Түркістан облысы Білім басқармасының «Білім беруді дамыту орталығы» КММ.

**Ұйымдастырушылардың мекен-жайы:**

Астана қаласы әкімдігінің «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы №11 мектеп лицейі» КММ, Абай даңғылы 6.

Өтетін уақыты: 2024 жылғы 16-ақпан, сағат 09.00-де

Қосымша ақпарат үшін: 87029134066, 87052448572